

2021 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫ БОЙЫНША ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

Жеке тұлғалардың депозиттері нарығының даму серпіні

2021 жылдың 3-тоқсанында 2020 жылдың басынан бері байқалған депозиттердің белсенді өсу серпіні бәсеңдеді. Сонымен 3-тоқсанның қорытындысы бойынша депозиттердің өсімі абсолютті көрсеткіште 147,1 млрд теңге немесе 1.2%-ды (2020 ж. 3 тоқ. +500,5 млрд теңге немесе +5.1%) құрады. Соның нәтижесінде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің жиынтық көлемі 2021 жылдың 01 қазанына қарай 12.5 трлн теңгеге жетті (1 сурет).


Сонымен қатар 2021 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша жеке тұлғалардың салымдарының өсімі валюталық қайта бағалауды есептемегенде (валюта бағамы 2020 жылдың соңындағы деңгейде бекітілген) 1.4%-ды (2020 ж. 3 тоқ. 2.6%) құрады. Елдегі ақша массасының құрамында (ҚРҰБ деректері бойынша) халық депозиттерінің үлесі 42.9% (2020 ж. 3 тоқ. 42.3%) болды. (2-ші сурет). Бұл ретте М3 жиынтық ақша массасы өсімінің жылдық көрсеткішінде (2021.01.10. жағдай бойынша 19.3%) халық депозиттерінің үлесі 8.9%-ды (2020 ж. 3 тоқ. 7.5%) құрады (3-сурет).

2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша халықтың теңгелік депозиттерінің өсімі 160,8 млрд теңгені немесе 2.0%-ды (2020 ж. 3-тоқсанында +290,5 млрд теңге немесе +5.1%) құрады (4-сурет). Бұл соңғы 5 тоқсанның ішіндегі ең аз өсім болып табылады. Бұл ретте көп жағдайда 3-тоқсанда теңгелік депозиттердің өсімі баяулайды.


Халықтың валюталық депозиттерінің теңгелік баламадағы көлемі 2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша керісінше 13,8 млрд теңгеге немесе -0.3%-ға (2020 ж. 3-тоқ. +210,0 млрд. теңге или +5.1%) азайды. Бұған осы тоқсан ішінде АҚШ доллары бағамының қайта бағалануы (427,79-дан 425,67-ге дейін) әсер етті. Соның нәтижесінде валюталық депозиттердің теңгелік баламадағы жиынтық көлемі 2021 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша 4,4 трлн теңгені (2020ж. 3-тоқ. 4,3 трлн теңге) (5-сурет) құрады. Алайда 2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша АҚШ долларымен есептелген валюталық депозиттердің өсу серпіні оң сипатқа ие +18,5 млн АҚШ доллары немесе 0.2% (2020ж. 3-тоқ. -116,1 млн АҚШ доллары немесе -1.1%).

2021 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша жеке тұлғалардың шоттарының жалпы саны 98,6 млн бірлікке жетті. Бұл көрсеткіш 2021 жылдың 01 шілдесіне қарай 94,8 млн шотты, ал өткен жылдың сәйкес кезеңінде 82,9 млн шотты құраған болатын. Стандартты тоқсан сайынғы өсім қалыпты сызықты үрдіс аясында - (2021ж. 3-тоқ. +4%, 2021ж. 2-тоқ. +4.4%). Шоттардың басым бөлігі ұлттық валютадағы депозиттерге тиесілі – 89,3 млн бірлік немесе шоттардың жалпы санының 90.6%-ы. Үшінші тоқсан өсім


1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы




2-сурет. Ақша массасының құрылымы (М3)



3-сурет. Ақша массасының динамикасы (М3). Компоненттердің үлесі



4-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымының өзгеріс динамикасы



деңгейінің төмендігімен ерекшеленеді. Өткен тоқсандарда байқалған тегеурінді өсімдерді ескеретін болсақ, бұл әрине, таңданыс тудыратыны анық. Атап өту керек, бұл мерзімде тұтынушылық несиелендіру нарығында керісінше жақсы белсенділік байқалды. Бұл өз кезегінде теориялық тұрғыда мультипликацияға, яғни өсімге, сәйкесінше банк жүйесінде теңгелік депозиттердің ұлғаюына әкеп соғуы тиіс. Аталмыш жағдай халықтың тұтынушылық белсенділігінің, әсіресе ұзақ уақыт пайдаланатын тауарларды, оның ішінде жылжымайтын мүлікті сатып алу бөлігінде айрықша өскендігін білдіруі мүмкін. Бұл жерде инфляциялық үдерістердің жағымсыз ықпалын да атап өткен жөн. Ол бірінші кезекте көптеген өнімдердің өзіндік бағасының және импорттық тауарлар бағасының өскендігінен туындайтыны белгілі. Бұл сәйкесінше атаулы шығыс сомаларын ұлғайтып, тұтынуды арттыра түседі. Соның салдарынан ақша жинақтау қарқыны бәсеңдейді.

Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- Бұқаралық сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Орташа сегмент – қалдық ақшасы 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін болатын депозиттер.
- Ірі сегмент – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден асатын депозиттер.

2021 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша депозиттердің құрылымы сегменттер тұрғысында былайша қалыптасты: бұқаралық сегмент 54.3% (2020ж. 3-тоқ. 54.5%), орташа сегмент 13.4% (2020ж. 3-тоқ. 11.8%), ірі сегмент 32.3% (2020ж. 3-тоқ. 33.7%) (6-сурет).


Бұл ретте депозиттер көлемінде тоқсандық өзгерістер сегменттер арасында мынадай тәртіпте үлестірілді: орташа сегмент +3.6% (+58,7 млрд теңге), ірі сегмент +1.5% (+58,9 млрд теңге) және бұқаралық сегмент +0.4% (+29,5 млрд теңге) (7-сурет).

2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша теңгелік депозиттердегі негізгі өсім орташа және ірі сегментте орын алды, сәйкесінше +5.4% (+56,7 млрд теңге) және 5.0% (+66,0 млрд теңге). Ал бұқаралық сегменттегі өсім бар болғаны 0.7% (+38,1 млрд теңге) (8-сурет) ғана болды.


Атап өту керек, 2021 жылдың 3-тоқсанында бұқаралық сегментте байқалған өсім соңғы 2 жылдағы өсімдердің ішіндегі ең төменгісі болып табылады. Бұл ретте қоғамға ауыр тиетін елеулі экономикалық ахуалдың қалыптасуы салдарынан 2020 жылдың 1-тоқсанында бұқаралық сегментте орын алған теңгелік салымдардың жылыстауы есепке алынбады.

2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша теңгелік баламадағы шетел валютасындағы депозиттер бойынша өсім тек орташа сегментте байқалды +0.3%.


5-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы




6-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің құрылымы



7-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер



8-сурет. Теңгедегі депозиттер сегменттерінің өзгеруі



Дейтұрғанмен, АҚШ долларымен есептелген валюталық депозиттерде оң серпін бір мезгілде орташа сегментте +0.8% және ірі сегментте байқалды +0.2% (9-сурет). Әдетте валюталық салымдардың өсімі теңге әлсірегенде немесе болашаққа деген теріс көзқарас қалыптасқанда байқалатындығын ұмытпау керек. Алайда инфляциялық үрдіске қарамастан ағымдағы кезеңнің деректеріне сәйкес жағдайдың бұлайша өрбуі байқалмайды.

Шоттар тұрғысынан алатын болсақ, тоқсан қорытындысы бойынша негізгі өсім бұқаралық (+3,8 млн бірлік немесе +4.0%) және орташа (+2,8 мың шот немесе +4.2%) сегменттерде байқалды. Бұқаралық сегменттегі депозиттер көлемінің өсу көрсеткіштерімен салыстырғанда шоттар сандарының үйлесімсіз өсуі халықтың Отбасы банкінің көмегімен зейнетақы жинақтарын алуы бойынша шаралардың жалғасуына байланысты болуы мүмкін.

Жалпы 2021 жылдың 3-тоқсанында орташа және ірі сегменттердегі озық даму қарқынына қарамастан депозиттік массаның жалпы құрылымы анау айтқандай өзгеріске ұшыраған жоқ. Сондықтан 2021 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша оның құрылымында әлі де бұқаралық сегмент басымдыққа ие.


Мерзімділік өлшемшарттары бойынша салымдарды орналастыру құрылымы

2021 жылдың 3-тоқсанының нәтижесі бойынша депозиттердің мерзімділік бойынша құрылымы мынадай тәртіпте қалыптасты: мерзімсіз депозиттер – 61.7% (2020 ж. 3-тоқ. 63.8%), ағымдағы және карточкалық шоттар – 15.8% (2020 ж. 3-тоқ. 14.7%), мемлекет тарапынан субсидияланған депозиттер – 10.3% (2020 ж. 9.0%), жинақ депозиттер – 8.1% (2020ж. 3-тоқ. 7.0%), мерзімді депозиттер – 3.7% (2020ж. 3-тоқ. 5.3%), талап етілгенге дейінгі депозиттер 0.4% (2020ж. 3-тоқ. 0.2%) (10-сурет).


Ұлттық валютадағы халық депозиттерінің құрамында әдеттегідей ең тартымды салымдар – мерзімсіз салымдар. Халықтың теңгедегі жиынтық салымдарының ішінде олардың үлесі 52.3%-ды (2020ж. 3-тоқ. 54.6%, жыл басында 54%) құрады. Бұдан әрі ағымдағы/карточкалық шоттар - 19.6% (2020ж. 3-тоқ.19.5%), субсидияланған депозиттер – 15.8% (2020ж. 3-тоқ. 15.4%) және жинақ депозиттер – 11.5% (2020ж. 3-тоқ. 9.7%) (11-сурет).

Сонымен қатар 2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша ұлттық валютадағы жеке депозиттердің жалпы өсіміне (+2.0%) ең елеулі үлес қосқан салым - жинақ салымдар болды +92,6 млрд теңге немесе жалпы өсімнің 1.2%. Ең аз үлес қосқандар – субсидияланған депозиттер - 0.9% (+74,2 млрд теңге) және халықтың мерзімсіз салымдары - 0.6% (+50.3 млрд теңге). Атап өту керек, 3-тоқсанда теңгелік салымдардың өсімінде басқа салымдарға қарағанда дәл осы жинақ салымдардың басымдыққа ие

9-сурет. Шетел валютасындағы депозиттер сегменттерінің өзгеруі



10-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. Теңге



болғандығы соңғы екі жыл ішінде рекорд болып табылады.

Теңгелік баламада есептелген валюталық депозиттер портфелінің құрылымы былайша көрініс тапты: мерзімсіз депозиттер - 79.5% (2020ж. 3-тоқ. 76.7%); мерзімді депозиттер - 9.1% (2020ж. 3-тоқ. 11.8%); ағымдағы/карточкалық шоттар - 8.7% (2020ж. 3-тоқ. 7.9%); жинақ депозиттер - 1.6% (3.2% 3 кв. 2020 г.) және талап етілгенге дейінгі депозиттер - 1.1% (2020ж. 3-тоқ. 0.4%).

Халық депозиттерінің құрамында орын алған өзгерістердің нәтижесінде 2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша депозиттерді қорытындылау жағдайына қарай тұрақты ақшалай қор жинау үлесі 0.6 п. т. артып (өсім жинақ депозиттер есебінен қамтамасыз етілді), 2021 жылдың 01 қазанына қарай 13.1% (2020ж. 3-тоқ. 13.5%) болды (10-сурет). Сонымен қатар тұрақты теңгелік қор жинау үлесі 14.6%-ды (2020ж. 3-тоқ. 12.3%) құрады (11-сурет).

Қазіргі кезеңде депозит жүйесінде ұсынылатын өнімдерге қатысты қате, бұрмаланған түсінік қалыптасқан. Мысалы, мерзімсіз салымдардың басымдығы байқалады. Олар түптеп келгенде негізінен транзакциялық мақсаттарға (аудармалар, төлемдер) қолданылады. Яғни, бұл салымдар өзінің мақсаттық мазмұнына сәйкес карточкалық шоттарға өте ұқсас, ал банктік қосымшалар мен технологиялардың дамуы арқасында өзіндік бір карточкалық шоттардың рөлін де атқара бастады.

Салымдардың долларлануы


2021 жылдың басынан бастап салымдардың долларлануы біртіндеп төмендеп жатыр. 2021 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша долларлану деңгейі 34.8%-ды (2021 жылдың басынан бері -3.9 п. т., 2020ж. 3-тоқ. 41.6%). Бұл ретте долларлану бағамы сәйкесінше 0.4 п. т. төмендеп, 2021 жылдың 01 қазанына қарай 34.5%-ды (2020ж. 3-тоқ. 38.7%) (12-сурет).

2021 жылдың 3-тоқсанының соңындағы жағдай бойынша сегменттер тұрғысынан алып қарағанда депозиттердің долларлануы былайша көрініс берді: ірі сегмент – 65.7% (2020ж. 3-тоқ. 73.2%), орташа сегмент – 34.4% (2020ж. 47.1%), бұқаралық сегмент – 16.5% (2020ж. 3-тоқ. 20.8%) (13-сурет).


Сегменттер тұрғысында депозиттердің долларлануы валюталық қайта бағалауды ескере отырып, былайша қалыптасты: ірі сегмент – 21.2% (2020ж. 3-тоқ. 24.7%), орташа сегмент – 4.6% (5.6% 3 кв. 2020г.), бұқаралық сегмент – 8.9% (2020ж. 3-тоқ. 11.4%).

Долларланудың жоғары деңгейі бойынша көшбасшылық жағдай ірі сегментке тиесілі болып отыр. Долларланудың ең төмен деңгейі бұқаралық сегментте сақталуда (депозиттер бойынша қалдық ақша 15 млн теңгеден аспайды).

11-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. Теңге



12-сурет. Салымдардың долларлануы



Мерзімділік өлшемшарты бойынша ең жоғары долларлану талап етілгенге салымдарда – 89.5% (2020ж. 3-тоқ. 73.3%) және мерзімді салымдарда – 86.2% (2020ж. 3-тоқ. 92.0%) байқалады. Керісінше долларланудың ең төмен деңгейі жинақ салымдардың құрылымында орын алды - 6.8% (2020ж. 3-тоқ. 19.2%) (14-сурет).

Шоттар тұрғысында валюталық шоттардың үлесіне 9.4% сәйкес келеді, оның ішінде ірі сегмент бойынша – 51.2%; орташа сегмент бойынша – 31.8% және бұқаралық сегмент бойынша – 9.4%.

Долларланудың жалпы деңгейі теңгелік салымдардың тұрақты өсуі аясында төмендеуде. Бұл ретте атап өту керек, 2021 жылдың екі тоқсаны барысында валюталық шоттардағы қалдық ақшалардың көлемі (бағам бойынша түзетулерді ескере отырып) біртіндеп арта бастады (15-сурет). Бұл ретте қалың бұқара топтары үшін валюталық салымдардың тартымдылығының артуына ешқандай алғышарттар жоқ. Өйткені бұл салымдар бойынша табыстар өте төмен деңгейде. Сонымен қатар банктерге шетел валютасында қосымша ақшалай қор жинау қажет емес, өйткені несиелендіру, оның ішінде ұзақ мерзімді несиелендіру негізінен теңгеде жүзеге асырылады.


Сыйақы мөлшерлемелері

2021 жылдың маусымында инфляция деңгейінің жедел өсуі аясында нарық ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің өсетіндігін күту жағдайында болды.


2021 жылдың 3-тоқсанында ҚРҰБ ақша-несие саясатын қатаңдатуға бағытталған шараларды жүзеге асырды. Осылайша ҚРҰБ үш ай ішінде базалық мөлшерлемені екі рет қайта қарады. Базалық мөлшерлемені 9.25% деңгейінде бекіту туралы алғашқы шешімді ҚРҰБ инфляция деңгейін көтеруге септігін тигізетін тәуекелдерді жүзеге асыру аясында (маусым қорытындысы бойынша жылдық инфляция 7.9%-ды құрады) 26 шілдеде қабылдады. Мақсат – инфляцияны 2022 жылы 4-6%-дық мақсатты дәлізге қайтару. Базалық мөлшерлемені +/- 1.0 п.т. пайыздық дәлізді сақтай отырып, 9.50%-ға көтеру бойынша кейінгі шешімдер жалпыәлемдік инфляциялық үрдістерді ескере отырып, электр қуаты, газ және жанар-жағар май бағаларының өсуімен жалғасқан ішкі маусымаралық шоктар аясында қабылданды. Бұл ретте шілде айының қорытындысы бойынша инфляция қарқынының жылдық көрсеткіштері 8.4%, тамызда 8.7% және қыркүйекте 8.9% деңгейінде қалыптасты.

ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің өсуімен қатар банктерге ұсынылатын максималды сыйақы мөлшерлемелері де қайта қаралды. Бұл ретте депозит нарығын талдау нәтижелері бойынша, сондай-ақ елдегі жалпыэкономикалық ахуалды ескере отырып, ҚДКБҚ 3 және 6 айға арналған қысқа мерзімді депозиттер мен жинақ депозиттер бойынша көрсеткіштерді ұлғайту туралы шешім қабылдады.


13-сурет. Сегменттердегі долларлану




14-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



15-сурет. Валюта бағамына түзетілген депозиттердің динамикасы



16-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы




Нарық өз кезегінде ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің өзгеруіне әр түрлі бағыттық даму серпінімен жауап берді. ҚДКБҚ максималды мөлшерлемелеріне тікелей тәуелділікті ескере отырып, 2021 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша мерзімсіз депозиттер (+0.7 п.т.), 3 және 6 айлық мерзімді депозиттер (сәйкесінше +0.3 п.т. және +0.1 п.т.) оң үрдісті паш етті. Бір мезгілде 12 және 24 айлық ұзақ мерзімді депозиттер сегментінде және 6 айлық жинақ депозиттер сегментінде нарықтық мөлшерлемелердің төмендегені байқалады. Ұлттық валютада 12 және 24 айға ашылған мерзімді салымдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелер 2021 жылдың 01 қазанына қарай сәйкесінше 10.2%-ды және 6.7%-ды құрады. Аталмыш тоқсанның басында бұл көрсеткіштер 10.4% және 6.9%-ды құраған еді (-0.2 п.т.; -0.2 п.т.). Бұл ретте спред көрсеткіші бір мезгілде жоғарыда көрсетілген мәннің шегінде өсті. 6 айлық жинақ депозиттер сегменті бойынша нырықтық мөлшерлеме бұл ретте шамалы ғана құбылды деп бағаланды (-0.1 п.т.). Бұл ретте атап өту керек, бұл сегмент бойынша жоғары шоғырланым бірнеше банкте сақталған. Жалпы нарықта даму қарқынын дәл осы банктер айқындайды.


2021 жылдың 3-тоқсанында инфляция деңгейі көрсеткішінің өсімі нақты сыйақы мөлшерлемесіне әсер етті (нарықтық мөлшерлеме - инфляция). 12 айлық мерзімді және 12 айлық жинақ салымдар сегментінде нарықтық мөлшерлеменің жалпы төмендеуі аясында ең айқын білінген әсер депозит нарығының осы сегментінде тіркелді (сәйкесінше нақты мөлшерлемелер -1.2 п.т. и -1.0 п.т. төмендеді).

Осылайша жалпы ғаламдық инфляция жағдайында, сондай-ақ жалпы әлемдік және ішкі экономикалық даму келешегінің бұлыңғыр шағында банктерге арналған ұзақ мерзімді активтер қысқа мерзімді активтерге қарағанда ерекше тәуекел санатында қалып отыр. Бұл ретте ұзақ мерзімді ипотекалық кредиттеудің пандемияға дейін жинақталған ағымдағы тәуекелі халықтың зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігі арқасында елеулі дәрежеде өтелді. Соның нәтижесінде нарық тарапынан ұзақ мерзімді ақшалай қор жинауға деген қызығушылық айтарлықтай төмендеді. Сонымен қатар ресурстық базаның маңызды қаржы көзі – клиенттердің қаражаттары болып қалуда. Инфляция қарқынының үдеуі депозиттердің нақты табыстылығының көрсеткішіне тікелей әсер етеді. Бұл өз кезегінде салымшылардың қимыл-әрекетіне елеулі ықпал етеді. Осындай белгісіздік жағдайында қалың бұқара топтары арасында мобильді, ұтқыр депозиттік құралдар ерекше сұранысқа ие болады. Өйткені мұндай депозиттерден қажет жағдайда ақша алуға мүмкіндік бар. Мұндай ахуал әсіресе пандемия барысында байқалады. Бұл ретте мерзімсіз және қысқа мерзімді депозиттердің көлемі артады. 3 тоқсанның нәтижесі де мұндай жағдайдан тыс қалмады. Әрине, экономикалық тұрақсыздық жағдайында банктер нарықтағы орнын сақтап қалу мақсатында ең сұранысқа ие депозиттік өнімдердің сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайтатыны сөзсіз. Бұл түсінікті де. Өйткені ақшалай қордың негізгі бөлігі осы депозиттердің арқасында қалыптасатыны анық.

17-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



18-сурет. Жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



19-сурет. Инфляция деңгейіне түзетілген депозиттер бойынша сыйақы мөл



